Бөлім:	Конституция негіздері	
Педагогтің аты-жөні:	Отар Әл Фараби Нұрмаханбетжанұлы	
Күні:	28.09.2026 (5A) 25.09.2026 (5L) 23.09.2026 (5C) 18.09.2026 (5K) 15.09.2026 (5E) 22.09.2026 (5H) 16.09.2026 (5B) 21.09.2026 (5D)	
Сынып: 5 A,B,C,D,E,H,K,L	**Қатысушылар саны:**	**Қатыспағандар саны:**
Сабақтың тақырыбы:	**Мемлекеттік рәміздерге қалай құрмет көрсетеміз?**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін қолдану және құрмет көрсету тәртібін түсіндіру.	
Сабақтың мақсаты	Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба және Мемлекеттік Әнұранды атайды; рәміздердің қабылданған уақытын, авторлары мен негізгі ерекшеліктерін анықтайды; мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету тәртібін түсіндіреді.	
Құндылықтар	Отанға құрмет, патриотизм және жауапкершілік.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру Өткен білімді еске түсіру	**Қызығушылықты ояту кезеңі.** Мемлекеттік Ту, Елтаңба және Әнұран бейнеленген суреттерді көрсетеді. **Жетелеуші сұрақтар:** • Суреттерден нені көріп тұрсыңдар? • Бұларды қалай атаймыз? • Мемлекеттік рәміздерге не үшін құрмет көрсету керек? Оқушылардың жауаптары арқылы сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстырады. Оқу материалындағы «Мемлекеттік рәміздер деген не?» бөлімі бойынша Қазақстан Республикасының үш мемлекеттік рәмізі бар екенін түсіндіреді: Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Әнұран.	Оқушылар суреттерді атайды. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын ортаға салады. Сабақтың тақырыбын анықтайды.	ҚБ: ауызша мадақтау.	Оқу материалы Мемлекеттік рәміздердің суреттері
Жаңа білім	**Жаңа біліммен жұмыс.** Оқу материалындағы «Рәміздер қашан ұлықты?» бөлімі бойынша рәміздердің қабылданған уақытын және авторларын таныстырады: • Мемлекеттік Ту – 1992 жылғы 4 маусым. Авторы: Шәкен Ниязбеков. • Мемлекеттік Елтаңба – 1992 жылғы 4 маусым. Авторлары: Жандарбек Мәлібеков, Шот-Аман Уәлиханов. • Мемлекеттік Әнұран – 2006 жылғы 6 қаңтар. Әні: Шәмші Қалдаяқов. Сөзі: Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев. Рәміздердің негізгі сипаттамаларын түсіндіреді: Тудың көгілдір түсі, күн, қыран, ұлттық ою-өрнек және 1:2 арақатынасы; Елтаңбадағы шаңырақ, уық, қанатты пырақтар, жұлдыз және «Қазақстан» жазуы; Әнұранның салтанатты сипаты.	Оқу материалын тыңдап, негізгі мәліметтерді анықтайды. Рәміздердің атауын және қабылданған уақытын жазады. Суреттерді дұрыс сипаттамаларымен сәйкестендіреді. Тудың негізгі белгілерін сипаттайды. Елтаңба нышандарын жазады. Рәміздердің өлшемі мен пропорциясы туралы жауап береді.	**Дескриптор:** 1. Мемлекеттік рәміздерді дұрыс атайды. 2. Рәміздердің қабылданған уақытын дұрыс көрсетеді. 3. Рәміздерді сипаттамаларымен дұрыс сәйкестендіреді. 4. Тудың негізгі белгілерін анықтайды. 5. Елтаңбаның негізгі нышандарын атайды. 6. Тудың 1:2 арақатынасын көрсетеді.	Оқу материалы Жұмыс парағы Мемлекеттік рәміздердің суреттері

	Оқу материалындағы құрмет көрсету ережелерін талқылайды: Әнұран орындалғанда тұру; Туды жерге тастамау, жыртпау, бүлдірмеу; Елтаңбаны құрметпен пайдалану; рәміздерді келемеждемеу және орынсыз қолданбау. **Тапсырма №1. Жеке жұмыс – «Біліміңді тексер!»** Мемлекеттік рәміздерді атайды және олардың қабылданған уақытын жазады. **Тапсырма №2. Жұптық жұмыс – «Сәйкестендір!»** Ту, Елтаңба және Әнұран суреттерін тиісті сипаттамаларымен сәйкестендіреді. **Тапсырма №3. Жеке жұмыс – «Ойлан, тап, жаз!»** А) Тудың түсін, күнді, ою-өрнек жолағын және қыранды сипаттайды. В) Елтаңбадағы нышандарды жазады. С) Ту мен Елтаңбаның өлшемі мен пропорциясы туралы жауап береді. **Тапсырма №4. Жеке және жұптық жұмыс** «Дұрыс-бұрысын белгіле!» тапсырмасын орындайды. Кейін рөлдік жағдаяттарға жауап береді: Ту жерге түсіп жатса не істеу керек? Әнұран орындалып жатқанда қалай әрекет ету керек? Мектептегі Ту лас болса не істеу керек?	Дұрыс және бұрыс тұжырымдарды белгілейді. Жағдаяттарды талдап, рәміздерге құрмет көрсетуге сай әрекетті ұсынады.	7. Дұрыс/бұрыс тұжырымдарды ажыратады. 8. Жағдаятқа сәйкес рәміздерге құрмет көрсету әрекетін ұсынады.	
Бекіту	**Сабақты қорытындылау** Құндылыққа тапсырма: «Рәміздер – еліміздің белгісі. Оларға құрмет көрсету – өз Отанымызға деген сүйіспеншіліктің белгісі». Рәміздерге құрмет көрсетуді күнделікті өмірде қалай жүзеге асыратыны туралы 3–4 сөйлем жазуды ұсынады. Қорытынды сұрақтар: • Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері қандай? • Мемлекеттік рәміздерге қалай құрмет көрсетеміз? • Ту мен Елтаңба қай жылы қабылданды? Әнұран қай жылы қабылданды?	3–4 сөйлем жазады. Қорытынды сұрақтарға жауап береді.	ҚБ: тапсырмалардың орындалуына қарай ауызша бағалау.	Жұмыс парағы Оқу материалы